



**Всем нотариусам
Жамбылского
нотариального округа**

В связи с поступившим письмом РГУ «Управление государственных доходов по г. Тараз Департамента государственных доходов по Жамбылской области КГД МФ РК» от 30.07.2020 г. № УГД-03-16/3920 в Ваш адрес направляется копия письма с приложением для сведения.

Приложение: на 10 листах.

**Исполнительный директор
Жамбылской областной
нотариальной палаты**

Мукубаева У.Н.

Ж.Альжанова
543555

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті

Жамбыл облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Тараз қаласы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы



Комитет государственных доходов
Министерства Финансов
Республики Казахстан

Управление государственных доходов
по городу Тараз Департамента государственных
доходов по
Жамбылской области

080012, Тараз қаласы Қ.Койгелді көшесі,188
тел:8(7262)431778, факс 8(7262)431778

исх.№УГД-03-16/3920 от 30.07.2020г.

080012 город Тараз, ул. К. Койгелды,188
тел:8(7262)431778, факс 8(7262)431778

Нотариальная палата
Жамбылской области

РГУ «Управление государственных доходов по г.Тараз Департамента государственных доходов по Жамбылской области КГД МФ РК» (далее - УГД по г.Тараз) сообщает, что по результатам рассмотрения искового заявления о признании недействительной и об отмене приказа о государственной перерегистрации в органах юстиции г.Тараз Департамента юстиции Жамбылской области от 09.02.2016 года, а также о признании договора купли-продажи 100% доли уставного капитала от 05.02.2016 года недействительной в отношении ТОО «ВТОРМЕТ Трейдинг», специализированным межрайонным экономическим судом Жамбылской области (далее – СМЭС Жамбылской области) исковые требования УГД по г.Тараз удовлетворены в полном объеме согласно решения за №3115-20-00-2/358 от 15.06.2020 года.

Вынесенное решение СМЭС Жамбылской области вступило в законную силу 24.07.2020 года.

На основании вышеизложенного, УГД по г.Тараз направляет судебные акты касательно данного ТОО, для сведения.

Приложение: копии судебных актов на 9-ти листах.

Руководитель



[Handwritten signature]

С. Касабаев

Исп. Кенжебекова Г.Т., 435260

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ НОТАРИАТТЫҚ ПАЛАТАСЫ"	
НОТАРИАТТЫҚ ПАЛАТАСЫ	
НОТАРИАЛЬНАЯ ПАЛАТА	
"ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТНАЯ НОТАРИАЛЬНАЯ ПАЛАТА"	
Вход./Кір. №	683
04	2020 ж.г.

Жамбыл облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты



Специализированный
межрайонный
экономический суд
Жамбылской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 3115-20-00-2/358-3

Жамбыл облысы, Тараз қаласы Ақбозов
көшесі 27А

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
15.06.2020 ж. талап қоюшы

Республиканское государственное учреждение "Управление государственных доходов по городу Тараз Департамента государственных доходов по Жамбылской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан"

(талапкерлердің Т.А.Ө.)

Товарищество с ограниченной ответственностью "ВТОРМЕТ Трейдинг", Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан», Филиал некоммерческого акционерного общества "Государственная корпорация "Правительство для граждан" по Жамбылской области

(жауапкерлердің Т.А.Ө.)

жарғылық капиталдағы 100 % үлесін сатып алу туралы 2016 жыл 02 ақпанда келісім
шарттын жармасыз деп тану туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті: Жауапкер «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталдағы 100 % үлесін сатып алу туралы 2016 жыл 02 ақпанда келісім шартты жармасыз деп танылсын.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 24.07.2020 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мұлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дерек орындауға жататын сот

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данпай документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Торелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысымен электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Торелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретари судебного заседания и судьи.

шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мұлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: Республиканское государственное учреждение "Управление государственных доходов по городу Тараз Департамента государственных доходов по Жамбылской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан"

БСН: 090440007304

Тіркеу мерзімі: 08.04.2009

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: ҚР қаржы Министрлігінің қазынашылық Комитеті ММ, -

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, ТАРАЗ, -, Койгельды 188

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, ТАРАЗ, -, Койгельды 188

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: Товарищество с ограниченной ответственностью "ВТОРМЕТ Трейдинг"

БСН: 090640008141

Тіркеу мерзімі: 10.06.2009

Меншік нысаны: Жеке меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ, -

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, ТАРАЗ, -, Толе би даңғылы 176 Б

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*"Тіріх-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*Тіріх-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, ТАРАЗ, -, Төле би даңғылы 176 Б

Судья

Сот кеңсесінің бас маманы - сот
отырысының хатшысы



Тажибаев Ерлан Зиятханович
Орынбай Анар Нұргелдіқызы

Шығарылу күні 24.07.2020 жыл



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

"Ішкі-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
"Ішкі-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.



Ш Е Ш І М ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

15 маусым 2020 жыл

№3115-20-00-2/358

Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

төрағалық етуші судья Тажибаев Е.З.

сот отырысының хатшысы Орынбай А.

ашық сот отырысында қойылған талап арыз бойынша азаматтық ісін қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:

1.«Втормет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2. «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:

1. «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасындағы 09.02.2016 жылғы мемлекеттік қайта тіркеуін жарамсыз деп тану;

2. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасының 09.02.2016 жылғы №114-ю «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрығының күшін жою туралы;

3. «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталдағы 100% үлесін сатып алу туралы 2016 жылы 02 ақпанындағы келісім шарттын жарамсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

талап қоюшының өкілі Г.Кенжебекова

Құжатқа қол қойылған: Тажибаев Е.З., 19.06.2020



СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2016 жылдың 9 ақпанында Қазақстан Республикасының Жамбыл облыстық Әділет басқармасында «ВТОРМЕТ Трейдинг» (бұдан әрі – Серіктестік) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Тараз қаласы, Төле би даңғылы 176 «Б» үй мекен-жайы бойынша қайта тіркеуден өткен.

5.02.2016 жылы Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысы А.Казакованың арызы негізінде Тараз қалалық Әділет басқармасы 9.02.2016 жылғы №114-ю бұйрығымен Серіктестің құрылтайшысының өзгеруіне байланысты мемлекеттік қайта тіркеуден өткен.

«Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-мен (бұдан әрі - талап қоюшы, кіріс басқармасы) Серіктестікке Салық заңнамасының заң бұзушылықтарын жою туралы бірнеше хабарлама жолданған, алайда бүгінгі таңға дейін заңбұзушылықтар жойылмаған. Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының тіркеу мәліметіне сәйкес, Казакова Ксения Андреевна Ресей Федерациясының азаматшасы.

04.03.2020 жылғы шығыс №22-23385/2242 Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігі Консулдық қызмет Департаментінің хабарламасына сәйкес, Ресей Федерациясының азаматшасы Казакова Ксения Андреевна (паспорт №4511366946) Қазақстан Республикасының аумағына бизнес-көшіп келуші ретінде келуге визасын алғандары немесе алмағандары туралы мәліметтер «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесінде табылмаған.

Осыған қарамастан, Ресей Федерациясының азаматшасы Казакова Ксения Андреевна Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңының талабын бұзып, «ВТОРМЕТ Трейдинг» ЖШС-нің 100% үлесі негізіндегі жалғыз құрылтайшысы болған.

Талап қоюшы өкілі Г.Кенжебекова талап арыз негіздерін толық қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлерден талап арызға жазбаша қарсы пікір түспеді.

Жауапкерлер «Втормет» ЖШС-гінің, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының өкілдері сот отырысына келмеді, сот істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 133 бабының 1 бөліміне сай қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1, №2, талаптар бойынша

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 4 «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының (бұдан әрі - Нормативтік қаулы) 11 тармағына сай заңды тұлғаны оны құруға (қайта тіркеуге) қатысы жоқ жеке тұлғаға тіркеу (қайта тіркеу) фактісі заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тануға негіз болып табылады. Конституцияның 26 бабының 4 тармағына,

АК-нің 10 бабына, Кәсіпкерлік кодекстің 2 бабына сәйкес құрылтайшы (қатысушы) қабылдаған шешім негізінде заңды тұлға құру арқылы жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін осы тұлғаның тиісті түрде білдірілген және ресімделген тілек білдіруі болуы қажет.

Қазақстан Республикасының Халықтың көші-қоны туралы заңы бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген Заңның 40-бабының 2-тармағының 2-абзацында бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынатындығы туралы айқын көрсетілген.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы достастық қатынастарды олардың арасында одан әрі дамыту мақсатында, өз азаматтарының мүдделері үшін Тараптардың әрқайсысының аумағында олардың тұруына тең жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтыла және, осыған орай, бір Тараптың басқа Тарап аумағында тұрақты тұратын азаматтарына осы басқа Тарап азаматының құқықтық мәртебесіне барынша жақындатылған құқықтық мәртебе беруге тілек білдіре отырып, шарт жасасқан.

Аталған шарт Қазақстан Республикасының «Бір мемлекеттің басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы» N 20-II 1999 жылғы 30 желтоқсандағы заңымен расталған.

Жоғарыдағы Шарттың 4-бабы, тұру Тарабының азаматтары сияқты тұрақты тұрғындар да осындай құқықтар мен еркіндіктерді пайдаланады, осы Шартпен және Тараптардың Конституцияларымен белгіленген осындай міндеттер көтереді. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін шетел азаматтары үшін тұру Тарабында белгіленуі мүмкін құқықтардағы шектеулер немесе қосымша міндеттер бір Тараптың басқа Тарап аумағында тұратын азаматына қолданылмайды.

Осы Шартқа сәйкес тұрақты тұрғынның мәртебесін куәландыратын Тараптардың танитын рұқсаты тұру Тарабының құзыретті органдары беретін құжат немесе тұру Тарабының құзыретті органдарының тұрақты тұрғынның жеке басын және азаматтығын куәландыратын және азамат Тарабының заңдарына сәйкес берілетін құжаттарға қоятын белгі болып танылады.

Қазақстан Республикасының Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заңының 1 бабының 14) тармақшасы шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат — Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктің жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғандығын растайтын құжат.

Яғни, келісімге келген мемлекеттердің азаматтары мемлекеттер арасында виза алмаған шетелдіктердің сапарлары көзделген, алайда, заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру

арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы Шартпен көзделмеген.

Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңының 1 бабы Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беруді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.

Бұл талап әділет органдарымен мемлекеттік қайта тіркеу кезінде ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігін тексеруді міндеттейді.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу кезінде жойылмайтын сипаттағы жіберілген заңнаманы бұзушылықтарға жол берілген, яғни Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасы Казакова Ксения Андреевнаның Қазақстан Республикасының аумағында бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетел азаматы болуына қарамастан ЖШС-і мемлекеттік қайта тіркеуден өткізген.

Сонымен қатар, ЖШС-тің орналасқан жерін өзгерту арқылы ұлттық тізілімге толықтырулар мен өзгерістер енгізген.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңының (бұдан әрі - Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң) 1-бабының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, атап айтқанда, мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді қамтитыны туралы ережелерін негізге алу қажет.

Бұл ретте заңнаманы бұзушылық жойылмайтындай болуға тиіс. Мысалы, міндетті виза алу қажеттілігі жағдайында заңды тұлға құрған, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысатын шетелдіктердің бизнес-көшіп келушілер ретінде кіруге виза алмауы коммерциялық емес ұйымның жарғысында оның негізгі мақсаты ретінде пайда табуды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында жарғылық капиталдың бастапқы мөлшерін "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 23-бабының 2-тармағында белгіленген сомадан кем болмайтынын көрсету.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 8-бабының 3-бөлігінде азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс деп көрсетілген.

Салық кодексінің 19-бабының 2-бөлігінің 2-тармақшасында салық органдарының міндеттеріне мемлекеттің мүдделерін қорғауға, ал осы кодексінің 18-бабының 1-тармағының 5) тармақшасында мемлекеттік кірістер органдары өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттілігі көзделген.

Жоғарыдағылардың негізінде, Серіктестікті тіркеу кезінде жойылмайтын сипаттағы жіберілген заңнаманы бұзушылықтарға жол берілгендіктен, Серіктестікке қатысты жүргізілген мәліметтер жарамсыз деп танылып, бұйрықтардың күштері жойылуға жатады.

№3 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 1 - тармағының 158 бабына сай, мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Сондықтан сот, заң талаптары өрескел бұзылып жасалған, «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталдағы 100 % үлесін сатып алу туралы 2016 жыл 02 ақпанда келісім шартты жарамсыз тануға және бұзылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 бабына сай Серіктестіктен мемлекет пайдасына 4 167 теңге мемлекеттік баж өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тараз қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкерлер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» мемлекеттік мекемесі, «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасындағы 09.02.2016 жылғы мемлекеттік қайта тіркеуін жарамсыз деп тану, Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасының 09.02.2016 жылғы №114-ю «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін

мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрығының күшін жоюды, «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталдағы 100 % үлесін сатып алу туралы 2016 жыл 02 ақпанда келісім шарттын жармасыз деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасындағы 09.02.2016 жылғы мемлекеттік қайта тіркеуі жарамсыз деп танылсын.

Жамбыл облысы Әділет Департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасының 09.02.2016 жылғы №114-ю «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрығының күші жойылсын.

Жауапкер «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталдағы 100 % үлесін сатып алу туралы 2016 жыл 02 ақпанда келісім шартты жармасыз деп танылсын.

Жауапкер «ВТОРМЕТ Трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 4 167 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап, бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

Шешім түпкілікті нысанда 19.06.2020 жылы әзірленді.

Судья

Тажибаев Е.З.


Көшірмесі дұрыс.

Тажибаев Е.З.

Анықтама: Шешім заңды күшіне 24.07.2020 жылы енді.

Судья

Тажибаев Е.З.



Судопроизводство

ТЕМА